

Казакстан Республикасы
адресет министрінің
Астана қаласынан ғарыш
департаменті
Зәңды тұлғаға мемлекеттік
жайта тіркеу жүргізілді
2005 жыл 19 наурызда
Күөлік № 2005-19-19
Алаудін Түркелгөн құнынан 2005

«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы
Акционерлерінің Жалпы жиналышы шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
2007 жылғы «30» маусымдағы № 32-хаттама

«Қазақтелеком»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Астана қаласы
2007 жыл

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жаңа редакцияда өзірленді және бұдан әрі Қоғам деп атапатын «Қазақтелеком» акционерлік қоғамын ұйымдастыру мен іс-әрекеттерінің құқықтық негіздерін белгілейді.

I-тарап. Жалпы ережелер

1-бап. Қоғамның атауы және орналасқан жері

1. Қоғамның толық ресми атауы:

Қазақ тілінде: «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы

Орыс тілінде: Акционерное общество «Казахтелеком»

Ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Kazakhtelecom»

2. Қоғамның қысқартылған ресми атауы:

Қазақ тілінде: «Қазақтелеком» АҚ

Орыс тілінде: АО «Казахтелеком»

Ағылшын тілінде: JSC «Kazakhtelecom»

3. Қоғамның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Абай даңғылы, 31.

4. Қоғам Басқармасының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Абай даңғылы, 31.

2-бап. Қоғамның заңдық мәртебесі

1. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Қоғам заңды тұлға болып табылады, өзінің дербес балансы бар, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иелене және атқара алады, сotta талапкер және жауапкер бола алады.

2. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын, негізгі мақсаты акционерлерінің мүддесі үшін табуды көздейтін коммерциялық ұйым болып табылады.

3. Қоғамның ұйымдық – құқықтық нысаны – акционерлік қоғам.

4. Қоғамның меншік нысаны – жеке меншік.

5. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 17 маусымдағы № 666 қаулысына сәйкес құрылған және Ұлттық компания мәртебесіне ие. Қоғамның осы тармақта көрсетілген құқықтық мәртебесінің шенберінде құқықтары мен міндеттерін атқару ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен белгіленеді.

6. Қоғам «Қазақтелеком» Ұлттық акционерлік компаниясының құқықтық мирасқоры болып табылады (шаруашылық серіктестігін, акционерлік қоғамды немесе компанияны мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 ж. 26 қарашада берген № 57473 куәлік).

7. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында акционерлік қоғамдар үшін қарастырылған барлық құқықтарды, сондай-ақ 1996 ж. 05 қарашадағы № 000001 лицензияга және оның 1997 ж. 31 мамырдағы косымшасына, сонымен қатар, 2004 ж. 28 мамырдағы № АБА 000001 лицензияга сәйкес берілген байланыс операторы құқықтарын пайдаланады.

8. Қоғамның мөрлері, банкілерде есеп-шоттары, оның ішінде валюталық есеп-шоттары бар, тауарлық белгісі, логотипі және басқа да фирмалық деректемелері болуы мүмкін. Қоғамның барлық деректемелері мемлекеттік және орыс тілдерінде ресімделеді. Мемлекеттік және орыс тілдері Қоғамның жұмыс тілдері болып табылады. Қажет болған жағдайда Қоғам құжаттары басқа да тілдерде дайындалуы мүмкін.

9. Қоғам корғану құжаттарын, «ноу-хау» технологияларын, басқа да зияткерлік шығармашылық жұмыс нәтижелері құқыларын сатып алуға және иелік ету мен пайдалану құқығын беруге, сондай-ақ өзінің иелігіндегі мемлекеттік құпияларды, қызмет бабындағы ақпаратты, коммерциялық және басқа да заңдармен қоргалатын Қоғам құпияларын сактауды қамтамасыз етуге құқылы.

10. Қоғам еншілес және тәуелді заңды тұлғалар құруға, сондай-ақ осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіппен Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде басқа да заңды тұлғалардың жарғылық капиталдары мен іс-әрекеттеріне қатысуға құқылы.

11. Қоғам сондай-ақ мыналарға:

- 1) Қоғамда тиісті құрылымдық өзгерістер жүргізуге;
- 2) Қоғам атынан мұліктік және қаржылық операциялар аткаруға сенімхаттар мен кепілдемелер және жүргізілетін мәмілелер мен операциялар бойынша міндеттемелер беруге;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіппен Қоғам тарапынан көрсетілетін байланыс қызметтеріне тарифтер қалыптастыруға;
- 4) азаматтық-құқықтық жауапкершілік пен Қоғамның қызметінде пайда болатын кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыруға құқылы.

12. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне ие болады.

3-бап. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері

1. Қоғам заңды тұлға болып табылмайтын, Директорлар кеңесі бекітетін Ережелер негізінде іс-қимыл жасайтын филиалдар мен өкілдіктер (құрылымдық бөлімшелер) құруға құқылы. Қоғамның нормативтік құжаттарын, сондай-ақ филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін оңтайландыру және біріздендіру мақсатында Басқарма Қоғамның филиалы/өкілдігі туралы үлгі ереже әзірлеуге құқылы. Бұл ретте, Қоғамның филиалдары және өкілдіктері туралы ережелерді тікелей бекітуді Директорлар кеңесі атқарады.

2. Филиалдың (өкілдіктің) барлық бөлімшелерінің құрылымдары мен штат кестелері филиал/өкілдік туралы ережеге, сондай-ақ өз құзіреттері шегінде Басқарманың шешімдері және Қоғам Басқармасы Төрағасының бұйрықтарына сәйкес белгіленеді. Филиалдың (өкілдіктің) ішінде құрылымдық бірліктерді құру және тарату Қоғам Басқармасының шешімі негізінде атқарылады.

3. Филиалдың (өкілдіктің) іс-әрекеттерін басқаруды Басқарма тағайындаған тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдың (өкілдіктің) басшысы Басқарма алдында жауап береді және Қоғам Басқармасы Төрағасынан алған Бас сенімхат негізінде іс-қимыл жасайды.

Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басқа да басшы қызметкерлерін тағайындау тәртібі филиал (өкілдік) туралы ережемен белгіленеді.

4. Қоғам филиалдарының және өкілдіктерінің іс - әрекеттері үшін жауап береді.

4-бап. Қоғамның және оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Қоғам өз акционерлерінің мүліктерінен оқшауланған мүлікке ие және өзінің міндеттемелері бойынша өз иелігіндегі мүлік шегінде жауапкершілік аткарады.

2. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам іс-әрекеттеріне қатысты залалдарға өз иелігіндегі акциялардың құны шегінде тәуекел етеді.

3. Қазақстан Республикасы Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Қоғам Қазақстан Республикасының міндеттемелері бойынша жауапты емес.

5-бап. Қоғамның қызмет мерзімі

1. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмейді.

2-таптау. Қоғам қызметі

6-бап. Қоғам қызметінің негізгі мақсаттары

1. Қоғам өз қызметін мына мақсаттарда жүзеге асырады:

- 1) коммерциялық қызметтен пайда табу және оны акционерлердің мүддесіне пайдалану;
- 2) Қазақстан Республикасы аумағында қазіргі заманга сай телекоммуникация желілерін құру және оларды әлемдік телекоммуникация желісімен ықпалдастыру;
- 3) Қазақстан Республикасы аумағында және шетелдерде пайдаланушыларға телекоммуникация қызметтерінің барлық түрлерін ұсыну.

7-бап. Қоғам қызметінің түрлері

1. Қазақстан Республикасының байланыс операторы ретінде жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілерін және жеке телекоммуникация жүйелерін құру, құрастыру, пайдалану және техникалық күтім жасау үшін қызметін жүзеге асыру, Халықаралық Электр байланысы Одағының Регламентіне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттердің Байланыс әкімшіліктерімен, компаниялармен, пайдаланушылармен, халықаралық үйымдармен есеп айырысу құқығымен жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісі операторының, оның ішінде қалааралық және халықаралық байланыс операторы міндеттерін аткару.

2. Байланыстың мынадай базалық қызметтерін ұсыну:

- таксофон желісі қызметімен бірге, жалпы пайдаланымдағы желідегі дыбыстық байланыс;
- телеграф байланысы мен АТ-50 және Телекс абоненттік телеграфтау желісі, деректер беру қызметтері, оның ішінде арналар мен пакеттерді коммутациялау қызметтері;
- телекоммуникация қызметтерінің барлық түрлерін тарату үшін жалдамалы арналар мен байланыс жолдарын, оның ішінде цифрлыларын ұсыну;
- косымша қызметтер көрсету, оның ішінде, конференц-байланыс, сөздік пошта, хабар күту, шакыру күту, шакыру жіберу, шакыруларды бұғаттау, шакыруларды селективтік қабылдау, шакыруши абоненттерді идентификациялау, шакыруларды іріктеу, жедел шакыру, қайта шакыра отырып нөмірді тери, деректер банкі қызметтері, бейнеконференциялар өткізу, интерактивтік ақпарат құралдары қызметтері, “клиент сервер” типті жүйелерді пайдалану және жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілері немесе жеке телекоммуникация жүйелері арқылы көрсетілуі мүмкін басқа да қызметтерді;

- акпараттық–анықтамалық қызметтердің және операторлар арқылы қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерінің, сондай-ақ шұғыл қызметтерге (01, 02, 03, 04, 051) хабарласу қызметінің барлық түрлерін көрсету.

3. Жоғары технологиялық байланыс қызметтерін ұсыну:

- зияткерлік байланыс желісі қызметтерін, кадрларды қайталап көрсету қызметтерін көрсету;
- интернетке коммутациялап кіруді ұсыну қызметтерін көрсету;
- бөлектелген арналар арқылы интернетке кіруді ұсыну қызметтерін көрсету;
- мөлдір цифрлы арналарды ұйымдастыру;
- VPDN (жеке коммутацияланған виртуальды желілер) қызметтерін ұсыну;
- бейнеконференцбайланыс қызметтерін ұсыну;
- басқа да жоғары технологиялық байланыс қызметтері.

4. Сымсыз байланыс қызметтерін көрсету:

- барлық пейджингтік және басқа ұксас сымсыз деректер мен хабарлар беру қызметтерін енгізу, пайдалану, қабылдау және беру;
- барлық жеке-дара байланыс қызметтері мен барлық жеке-дара байланыс жүйелерін, Қазақстан Республикасында пайдалануга рұқсат берілген транкингтік ұтқыр жүйелерді және стандарттардың ұялы байланыс қызметтерін қоса отырып, бірақ бұлармен шектеліп қоймай, енгізу, пайдалану, қабылдау және беру.

5. Спутниктік байланыс қызметтерін ұсыну:

- телекоммуникацияны пайдаланушыларға спутниктік байланыс қызметтерін ұсыну мақсатында радиожиілік спектрі мен геостационарлық және төменорбитальдық байланыс спутниктерінің орбиталарын пайдалану.

6. Телекоммуникация саласында технологиялық жұмыстарды жүзеге асыру:

- жалпы республикальық, магистральдық және халықаралық байланыс жолдарын жобалау, құрылышын жүргізу және пайдалану;
- инженерлік-іздестіру, ғылыми-зерттеу, саралтау, жобалау-конструкторлық жұмыстар;
- құрылыш-құрастыру, жондеу және іске қосу-келтіру жұмыстары;
- инновациялық жұмыс;
- телекоммуникация саласындағы метрологиялық жұмыс;
- байланыс арналары арқылы акпараттың барлық түрлерін толассыз беруді ұйымдастыру, жұмыстың сенімділігі мен сапасын арттыру және телекоммуникация желілерін тиімді пайдалану;
- Қоғамның телекоммуникация желілерін дамыту және жаңғырту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- телекоммуникация гимараттары мен объектілерінің күрделі құрылышын ұйымдастыру;
- байланыс қызметтерін пайдаланушылардың мұдделеріне сай желінің трактілері мен арналарын ұтымды түрде бөліп таратуды, басымдылықпен бөлуді, сондай-ақ, резервте сактауды қамтамасыз ету;
- Қоғамның телекоммуникация желілерін қалыптастыру;
- Қоғамның телекоммуникация желілері құмысының сапасы туралы ақпарат жинау және талдау;
- телекоммуникация құралдарын пайдалануды жетілдіру;
- телекоммуникация объектілерін, олардың өндірістік-экономикалық жағынан тиімділігін арттыру мақсатында қайта құру;

- желінің жай-күйіндегі және Қоғамның байланыс желісін нөмірлеудегі өзгерістер туралы пайдаланушылар мен байланыс операторларын хабардар ету;
- телекоммуникация бойынша халықаралық жобаларды дайындауға және жүзеге асыруға қатысу;
- әртүрлі операторлармен және байланыс қызметін пайдаланушылармен өзара есеп айырысады жүзеге асыру;
- Қоғамның мұддесі үшін халықаралық телекоммуникациялық және басқа да ұйымдар мен бірлестіктерге қатысу;
- жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілерінің немесе Қоғам пайдаланатын жеке желілердің көмегімен кез келген басқа қызметтерді көрсету.

7. Қоғамның мұлікті орталықтандырылған басқару бойынша басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыру:

- Қоғамға заннамалық тәртіппен көзделген рұқсат етілген сыртқы экономикалық іс-әрекеттер атқару;
- сауда-сатып алу, делдалдық және коммерциялық жұмыстар;
- менеджмент, маркетинг, инжиниринг;
- ақпараттық, сервистік және басқа да Қоғам үшін тыыйым салынбаған қызметтерді көрсету;
- Қоғамның және басқа да заңды, жеке, оның ішінде шетелдік тұлғалардың қаржылық қаражаттарын Қоғамның телекоммуникация желісін дамытуға жұмылдыру және шоғырландыру;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелері арасындағы шаруашылық және өндірістік өзара қарым-қатынастарды реттейтін нормативтер әзірлеу;
- ішкі және сыртқырынокта Қоғамның бағалы қағаздарын шыгару және сату;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сатып алу және сату;
- Қоғамның қаражаттарын салалық және аймақтық бағдарламалар мен жобаларға инвестициялау;
- төте және портфельдік инвестиациялау;
- Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін алдыңғы қатарлы технологиялар, бірлескен өндірістер құру мақсатында өз қаражаттарымен басқа заңды тұлғалардың іс-әрекеттеріне қатысу;
- енбекті корғау және қауіпсіздік техникасы жұмыстарын ұйымдастыру;
- телекоммуникация құралдарына сервистік күтім жасау жүйесін құру;
- құрылымдық бөлімшелерді материалдық - техникалық тұрғыдан қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- гимараттарды, құрылғыларды, технологиялық және арнайы көлікті, механизмдерді, энергетикалық жабдықтарды белгіленген ережелер мен нормаларға сәйкес ұстауды қамтамасыз ету;
- қабылданған бағдарламаларға сәйкес Қоғам кадрларын дайындаудың және қайта дайындаудың тиімді жүйесін енгізу;
- әріптерді іздестіру және олармен Қоғам мұддесіне сай шарттар жасасу;
- Қоғамның жылжымайтын мүлкін басқару, мұліктік құқық мұддесінің сақталуы және корғау бойынша шараларды іске асыру.
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына қайшы келмейтін басқа да қызметтер.

8. Жарғының осы бабында көрсетілген Қоғам қызметінің барлық түрлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасы шенберінде, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының осыған уәкілетті мемлекеттік органдарының тиісті лицензиялары және, қажет болған жағдайда, басқа да рұқсаттары, сертификаттары, рұқсаттамалары және т.б. негізінде жүзеге асырылады.

3-тапару. Қоғамның мүлкі және капиталы

8 -бап. Қоғамның мүлкі

1. Қоғамның мүлкі Қоғамның іс-әрекеттерін қамтамасыз етуге арналған және оның меншік құқығына жатады.

2. Қоғам мүлкі мыналардың есебінен:

- 1) Қоғам акцияларын сатып алғаны үшін төлем ретінде акционерлерден (құрылтайшылардан, инвесторлардан) жарғылық капиталға түскен ақшалай қаражаттардан және басқа да мүліктерден;
- 2) Қоғамның іс-әрекеттері нәтижесінде түскен кірістерден;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа негіздермен алынған өзге де мүліктерден құралады.

3. Қоғам құрған филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі меншік құқығымен Қоғам иелігіне жатады.

4. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері оларға Қоғам тарапынан берілген мүлікке иелік етуге және оны пайдалануға құқылы. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің мүлікті иелену және пайдалану өкілеттілігін, сондай-ақ мүлікке иелік жүргізу құқығын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, Қоғам жұмысының регламенті, Құрылымдық бөлімше туралы ереже және филиалдың немесе өкілдіктің басшысына берілген Бас сенімхат айқындайды.

9-бап. Қоғамның жарғылық капиталы

1. Жарғылық капитал Қоғамның жұмысын қамтамасыз ету үшін құралады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілері мен осы Жарғы талаптарына сәйкес белгіленген, Қоғам құрылтайшыларының акцияларға олардың атаулы құны бойынша және инвесторлардың орналастыру бағамы бойынша төлемдері арқылы қалыптасады.

2. Қоғамның жарғылық капиталы жарияланған акциялардың атаулы құнының сомасына тең болып, 12 136 529 000 (он екі миллиард бір жүз отыз алты миллион бес жүз жиырма тоғыз мың) теңгені құрайды.

3. Қоғамның жарғылық капиталы дауыс беру құқығына ие, әрқайсысының атаулы құны 1000 (бір мың) теңге тұратын 10 922 876 (он миллион тоғыз жүз жиырма екі мың сегіз жүз жетпіс алты) жай атаулы акцияларға, сондай-ақ, дауыс беру құқығы берілмейтін әрқайсысының атаулы құны 1000 (бір мың) теңге тұратын, 1 213 653 (бір миллион екі жүз он үш мың алты жүз елу үш) артықшылығы бар акцияларға бөлінген.

Осы Жарғы бекітілген сәтте Қоғам акцияларының эмиссиясы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарына сәйкес тіркелген және Қоғамның барлық акциялары толығымен төленген және орналастырылған.

4. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіpte және негізде Жарғылық капиталға өзгерістер енгізуге құқылы.

10-бап. Қоғамның резервтік капиталы

1. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен болуы мүмкін шығындарды жабу және осы Жарғыда көрсетілген басқа да максаттарға қол жеткізу үшін Жарғылық капиталдың 15 (он бес) пайызы көлемінде Резервтік капитал құруға құқылы. Қоғамның Резервтік капиталы Қоғамның таза кірісінен жыл сайын аударымдар жүргізу жолымен қалыптасады. Қоғамның резервтік

капиталды қалыптастыруға және/немесе толыктыруға жіберетін аударымдарының көлемі мен жиілігін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

2. Қоғамның Резервтік капиталынан қаражат мыналарға:

- 1) күтілмеген шығындарды жабуға;
- 2) артықшылыққа ие акциялар бойынша дивидендтер және облигациялар бойынша проценттер төлеуге, Қоғамның осы мақсаттар үшін беретін қаражаты болмаған немесе жетпеген жағдайда;
- 3) есеп беру жылындағы баланстық шығындарды жабуға жіберіледі.

3. Резервтік капитал қаражаттары мынадай жолдармен орналастырылуы мүмкін:

- 1) өтімділігі жоғары мемлекеттік құнды қағаздар сатып алу;
- 2) тұрақты банктерде (беделі В+ төмен емес) депозиттік шоттарда сақтау;
- 3) тұрлаулы шетел валютасын сатып алу;
- 4) Қазақстан Республикасы резиденттерінен және резидент еместерінен листингтік бағалы қағаздар сатып алу;
- 5) трасттық немесе басқа да кепілдендірілген орналастырулар.

4. Резервтік капиталды пайдалану тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі белгілейді.

4-тапару. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

11-бап. Қоғамның акциялары

1. Қоғам шыгаратын бағалы қағаз акция болып табылады және түрі мен санатына байланысты Қоғам акционерлерінің мынадай құқықтарын күзлендіреді:

- 1) дивидендтер алу;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғам жұмысын басқару ісіне қатысу;
- 3) Қоғамды тарату барысында қалған оның мүлкінің бір бөлігіне.

2. Акцияның атаулы құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі. Қоғамның барлық акциялары атаулы болып табылады және құжаттамасыз нысанда шығарылады.

3. Қоғам жай немесе жай және артықшылыққа ие акциялар шығарады. Акция бөлінбейді. Бір акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаның иелігінде болған жағдайда, олардың барлығы Қоғамға қатысты бір акционер болып табылады және өз құқықтарын ортақ өкіл арқылы жүзеге асыра алады.

4. Жай акция оны иеленуші әр акционерге басқа иеленушілерге бірдей қатысты құқық көлемін береді. Жай акция акционерге дауысқа салынатын барлық мәселелерді шешу барысында дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқық береді. Жай акция, сондай-ақ, Қоғамның таза табысы болған жағдайда акционерге дивиденд алу, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен Қоғам таратылғаннан кейінгі қалған мүлкітің бір бөлігін алу құқығын береді.

5. Қоғам артықшылығы бар акциялар шығаруға құқылды. Артықшылығы бар акциялардың саны жарияланған акциялардың жалпы санының 25 (жиырма бес) пайызынан аспауы тиіс.

Акционерлер – артықшылығы бар акциялардың иегерлері акционерлер – жай акция иегерлеріне қараганда осы Жарғыда көзделген алдын ала белгіленген кепілдемелік көлемде дивидендтер алу және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Қоғам таратылғаннан кейінгі қалған мүлкітің бір бөлігін алу артықшылық құқығына ие.

6. Артықшылығы бар акция акционерге тек мынадай жағдайларды қоспағанда Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді:

1) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы шешімі артықшылығы бар акциясы бар акционердің құқығын шектейтін шешім қабылдайтын мәселені қараганда. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеу үшін артықшылығы бар акциялардың жалпы санының (сатылғандары шығарылған соң) кем дегенде үштен екісі дауыс берген жағдайдаған қабылданған болып есептеледі;

2) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамдың кайта құру немесе тарату мәселесін қараганда;

3) артықшылығы бар акция бойынша дивидендті Қоғам Жарғысына сәйкес оны төлеу үшін белгіленген мерзімі өткен күннен кейін 3 (үш) ай ішінде Қоғам толық көлемде төлемегендеге.

7. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруға және дивидендтер алуға қатыспайтын Қоғамның бірегей “Алтын акциясын” енгізу және шыгару туралы шешім қабылдауға құқылы.

“Алтын акция” оның иесіне Қоғам Жарғысында белгіленген мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдеріне ұттых қауіпсіздік, елдің қорғаныс қабілеті мен сыртқы саясатына қатысты мәселелер бойынша тыйым салу құқығын береді.

“Алтын акция” бөлінбейтін және иеліктен шығарылмайтын болып табылады. Алтын акциямен күзлендірілген тыйым салу құқығын басқаға беруге болмайды.

«Алтын акция», мемлекет Қоғамның акционері болған жағдайда, Өкілді органды тұлғасында тек мемлекеттің иелігінде болуы мүмкін.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам шығарған акцияларды сатып алуға опциондар жасасуға құқылы. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес туынды бағалы қағаздар шыгаруды жүзеге асыруға құқылы.

9. Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен облигациялық бағдарламаға сәйкес, Қоғам облигациялар шыгаруды жүзеге асыруға құқылы. Облигациялар шығару құрылымын, оларды мерзімінен бұрын өтеу шартын, сондай-ақ Қоғам облигациялар шығару барысында орындауға тиісті шарттар мен шектеулерді облигациялық бағдарлама проспектісі және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы белгілейді.

10. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша бағалы қағаздарды алмастыруға, сондай-ақ айырбастауға құқылы.

Қоғамның бағалы қағаздарының айырбасы құнды қағаздарды алмастыру жолымен аткарылады. Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау бағалы қағаздардың бір түрін кейіннен өтелетін бағалы қағаздардың екінші түрімен алмастыру жолымен жүргізіледі.

11. Қоғамның акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруы Қоғамның жарияланған және орналастырылған акцияларының арасындағы айырмашылық шенберінде аткарылады. Облигацияларды акцияларға айырбастау тәртібі облигацияларды шығару шарттарымен айқындалады. Қоғамның артықшылыққа ие акцияларын артықшылығы бар акцияларды иеленетін акционерлердің құқықтарын бұзбай жай акцияларға айырбастауға болады. Акциялар айырбасының тәртібі мен шарттарын Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы белгілейді және бағалы қағаздар шыгару проспектімен айқындалады.

12-бап. Қоғам орналастыратын акциялардың төлемі

1. Қоғам орналастыратын акциялардың бағасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен белгіленеді.

2. Қоғам орналастырған акциялардың төлеміне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде акциялардың төлеміне мүліктің кейбір түрлерімен және мүліктік құқықпен есеп

айырысуға тыйым салынған жағдайлардан тыс ақша, мүліктік құқыктар, сонымен бірге зияткерлік меншік нәтижелеріне құқыктар мен басқа да мүліктерді беруге болады.

Қоғам акцияларының төлемін басқалай, ақшалай емес мүлікпен өтеу, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәуелсіз бағалауышы белгілеген баға бойынша жүзеге асырылады.

Егер де Қоғам орналастырган акциялардың төлеміне мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, бұндай құқыкты бағалау Қоғамның оны пайдалануының толық мерзіміне берілетін осы мүлікті пайдалану төлемі көлемінде атқарылады. Аталған мерзім өткенде мұндай мүлікті Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналышының келісімінсіз алуға жол берілмейді.

3. Орналастырылған акцияларды толық өтеп болған сәтке дейін, Қоғам ондай акцияларды алушының есебіне беріп Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізбесіне енгізу туралы бұйрық беруге құқылы емес. Толық өтелмеген акциялардың және Қоғам сатып алған акциялардың дауыс беру құқығы болмайды және оларға дивидендтер төленбейді.

13-бап. Акцияларға айырбасталатын Қоғамның акциялары мен бағалы қағаздарын орналастыру тәсілдері

1. Қоғам акциялары акциялардың жарияланған саны шеңберінде олардың бір немесе бірнеше орналастыру арқылы шығарылуы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін орналастырылады.

Қоғам акцияларын орналастыру жазылу немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында өткізілген аукцион, я болмаса, жазылу немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өткізілген аукцион арқылы жүзеге асырылады.

Ұйымдастырудың тікелей тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыга және Қоғам органдарының шешімдеріне сәйкес айқындалады.

2. Заңнамада немесе Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналыштарының шешімдерінде акцияларға айырбасталатын Қоғамның облигациялары мен бағалы қағаздарын орналастыру тәсілі туралы мәселе бойынша нұсқау болмаған жағдайда, ондай бағалы қағаздарды орналастыру тәсілін Директорлар кенесі айқындейді.

3. Қоғам жарияланған акцияларын немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да құнды қағаздарын орналастыру, сондай-ақ бұрын сатылып алынған құнды қағаздарын сату барысында, жазбаша хабарлау немесе Қоғамның бұқаралық ақпарат құралдарында және корпоративтік веб-сайтында жариялау арқылы орналастыру/сату туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру/сату туралы шешім қабылдаған органы белгілеген орналастыру/сату бағасы бойынша ез акционерлеріне олардың қолындағы акциялардың санына пара-пар тен шарттармен бағалы қағаздарды сатып алуарды жөнінде ұсыныс жасауға тиісті. Бұл ретте, Қоғамның жай акцияларына ие акционерінің Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын Қоғамның жай акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын сатып алуға басым құқығы бар, ал Қоғамның артықшылығы бар акцияларына ие акционерінің Қоғамның артықшылыққа ие акцияларын басымдылықпен сатып алу құқығы бар.

4. Хабарландыруды/жарияланымда акцияларға айырбасталатын, орналастырылатын/сатылатын акциялардың саны, оларды орналастыру/сату бағасы (оның ішінде Қоғам акционерлерінің оларды сатып алуға басым құқығын жүзеге асырған жағдайдағы оларды орналастыру/сату бағасы), ербір акционер сатып алуға құқылы бағалы қағаздардың санын белгілеу тәртібі, осы құқыкты жүзеге асырудың қолданыс мерзімі мен тәртібі туралы мәліметтер болуға тиісті.

5. Қоғам акцияларын орналастыру/сату туралы хабарланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде акционер Қоғамның акцияларына айырбасталатын акцияларды және/немесе басқа да құнды қағаздарды сатып алуға өтінім беріп, басымдылық құқығын толық немесе ішінана жүзеге асыруға құқылы.

Акционерлердің Қоғамның бағалы қағаздарын басымдылықпен сатып алу құқығын іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

14-бап. Қоғамның орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алуы

1. Қоғам акционерден оның келісімі бойынша оның иелігіндегі акцияларын заңнамалық актілерге сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен Қоғам акция сатып алған жағдайда оның құнын белгілеу әдістемесіне сәйкес өтеуін төлеп алуға құқы бар. Қазақстан Республикасының заңнамасында басқалай жолдары көзделмеген жағдайда Қоғамның орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алуы туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

2. Қоғам орналастырылған акцияларды мына негіздерге сүйене отырып сатып алуға құқылы:

- өтеуін төлеп алған акцияларды бөліп тарату мақсатында;
- дивидендтік төлемдерді азайту мақсатында;
- айырбасталатын бағалы қағаздарды шыгару барысында белгіленген шарттармен Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау мақсатында;
- опциондық келісім-шарттарды орындау мақсатында;
- Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасында қарастырылған басқа да жағдайларда.

3. Қоғамның өтеуін төлеп алған акцияларының саны орналастырылған акциялардың жалпы санының 25 (жырма бес) пайызынан артық болса, ал орналастырылған акцияларды сатып алу шығындары оның өз капиталы көлемінің 10 (он) пайызынан асса, орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға Қоғамның құқығы болмайды:

- Осы Жарғының 15-бабында көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінің бірін қабылдаған күнгі жағдай бойынша акционердің талабымен орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу барысында;

- Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша Қоғамның бастамасымен орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу барысында.

4. Қоғамның сатып алған/өтеуін төлеп алған акциялары Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау барысында есепке алынбайды, дауыс беру құқыны берілмейді және дауыс санау барысында есепке алынбайды, олар бойынша дивидендтер есептелмейді.

5. Акцияларды сатып алу туралы шешіммен әрбір санаттағы (ұлгідегі) өтеуін төлеп алынатын акциялардың саны, сатып алу бағасы, төлем нысаны мен мерзімі, сондай-ақ акцияларды сатып алу/өтеуін төлеп алу жүзеге асырылатын мерзімі белгіленуі тиіс. Егер, Қоғамның орналастырылған, оның акционерлерінің өтеуін төлеп алуға жариялаган акцияларының саны Қоғам өтеуін төlep алуға жариялаган акцияларының санынан артып кеткен жағдайда, бұл акциялар акционерлерден, оларға тиесілі акциялар санына пропорционалды түрде өтеуі толеніп алынады.

6. Акцияларды өтеуін төлеп алу барысындағы төлем ақшалай, сондай-ақ акционердің келісімі болған жағдайда Қоғамның өзге бағалы қағаздарымен жүзеге асырылады. Акциялар сатылып алынатын мерзім 30 (отыз) күннен кем болмауы тиіс. Акцияларды сатып алу бағасын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіpte Қоғам белгілейді.

7. Орналастырылған акциялардың жалпы санының 1 (бір) пайызынан астамының өтеуі төленсе, Қоғам акцияларды сатып алу-сату мәмілесі жасалғанға дейін мұндай өтеуін төлеп алу туралы өз акционерлеріне хабарлауға міндетті. Қоғамның хабарламасы Қоғамның бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және өтеуі толеніп алынатын акциялардың түрлері мен саны, оларды сатып алу бағасы, төлем нысаны мен мерзімі, сондай-ақ талаптар мен акциялар сатылып алынатын мерзім туралы мәліметтер болуы тиіс.

8. Қоғамның орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алуды мынадай жағдайларда жүзеге асыруға:

- 1) Акционерлердің бірінші жалпы жиналысын өткізгенге дейін;
- 2) акцияларды орналастыру корытындылары жөніндегі есепті бекіткенге дейін;

3) егер акцияларды өтеуін төлеп алу нәтижесінде Қоғамның өз капиталының көлемі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері белгілеген Жарғылық капиталдың ең төменгі көлемінен кем болса;

4) егер акцияларды өтеуін төлеп алған сәтте Қоғамның Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілері болса, не аталған белгілер онда барлық өтеуін төлеп алу талап етілетін немесе өтеуін төлеп алу көзделетін акциялардың өтеуін төлеп алу нәтижесінде пайда болса;

5) егер сот немесе Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, құқы жоқ.

15-бап. Орналастырылған акцияларды акционерлердің талаптары бойынша өтеуін төлеп алу

1. Акционерлер Қоғамнан оларға тиесілі акциялардың барлығын немесе бір бөлігін өтеуін төлеп алуды талап етуге мынадай жағдайларда құқылы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды қайта құру туралы шешім қабылданғанда, егер акционер Қоғамды қайта құру туралы мәселені қарастырган Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, және оны қабылдауга қарсы дауыс берсе;

2) Қоғам нәтижесінде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері және осы Жарғы белгілеген тәртіpte қабылданған мүддеге ие ірі мәміле және/немесе мәміле жасасу туралы Қоғамның шешімімен келіспесе;

3) Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам Жарғысына аталған акционердің оған тиесілі акциялар бойынша құқығын шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған жағдайда, егер акционер осындай шешім қабылдау туралы мәселені қарастырган Акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаған болса, немесе осы жиналысқа қатысып және аталған шешімді қабылдауга қарсы дауыс берсе.

2. Акционерлер өздеріне тиесілі акцияларды өтеуін төлеп алуы туралы Қоғамға талаптарын Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Директорлар кенесінің тиісті шешімі қабылданған күнінен бастап 30 (отыз) күннен кешіктірмей, Қоғам Басқармасының атына жазбаша арыз жолдай отырып қоя алады.

Қоғам акционерден арыз алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде акционердің акцияларын өтеуін төлеп алуға міндettі.

3. Қоғамның орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша өтеуін төлеп алуы Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен Қоғам акцияларды өтеуін төлеп алу барысында олардың құнын белгілеу әдістемесіне, заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қоғам өтеуін төлеп алған акциялар туралы мәліметтер Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіне міндettі түрде енгізілуі тиіс.

16-бап. Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесі

1. Қоғамның бағалы қағаздар эмиссиясы Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде бекітіледі. Қоғам бағалы қағаздар тізілімдері жүйесін жасауды, жүргізуі және сақтауды Қоғамды мемлекеттік тіркеуден өткізген сәттен бастап 1 (бір) айдан кешіктірмей қамтамасыз етеді.

2. Қоғам акцияларының қозғалысы акция ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде (акционерлердің тізілімдер жүйесі) бекітіледі. Қоғамның акция ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізуі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай қызметті жүргізуге құқығы бар мамандандырылған тәуелсіз ұйым жүзеге асырады. Акция ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде әрбір

акция туралы, акцияның сатылып алынған уақыты, сондай-ақ әрбір акционердегі, олардың деректемелерін көрсете отырып, осындай акциялардың саны туралы деректер болады. Қоғамға ұсынылған мәліметтер бойынша акцияларға кепілдік құқығы бар тұлғалардың деректемелері де кепілзат иесінің осындай акциялар бойынша дауыс беру құқығы бар ма екендігі туралы көрсете отырып акционерлердің тізілімдер жүйесіне енгізіледі.

3. Қоғамның акцияларынан басқа, бағалы қағаздарының тізілімі жүйесін жасауды және жүргізу ді тәуелсіз тіркеуші жүзеге асырады.

4. Қоғам мен тіркеушінің арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жасалатын шартпен реттеледі.

5. Қоғамның тіркеушісі акционердің, сондай-ақ кепілзат иесі немесе нақты ұстаушының талап етуі бойынша олардың Қоғамның бағалы қағаздарына құқықтарын растайтын тізілімнен көшірме жазбаны беруге міндетті.

*5-тапару. Қоғам акционерлері
Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері*

17-бап. Қоғам акционерлері

1. «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі казақстандық холдингі» акционерлік қоғамы, заңды және жеке тұлғалар, оның ішінде шетелдік тұлғалар Қоғамның акционерлері болып табылады.

2. Қоғам акционерлерінің саны мен құрамы шектелмейді.

18-бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары

1. Қоғам акционерінің:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендерді алуға, сондай-ақ Қоғамның берешегі пайда болған мерзімге қарамастан белгіленген мерзімде алынбаган дивидендердің төленуін талап етуге;
- 3) Қоғамның қызметі туралы акпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысы немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларын ұсынуға;
- 5) Қоғамның тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан оның Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын көшірме жазбалар алуға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыга сәйкес, оған тиесілі акциялар мен Қоғамның өзге бағалы қағаздарын кепілзатқа салуға және сатуға;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Қоғам органдары кабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
- 9) Қоғам таратылған жағдайда қалған мүліктің бір бөлігіне;
- 10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Жарғыда көзделген тәртіппен оның акцияларына айыrbасталатын акцияларды немесе Қоғамның өзге де бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

2. Қоғамның ірі акционерінің сондай-ақ:

- 1) Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кенесі Акционерлердің жалпы жиналышын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы сотка жүгінуге;
- 2) Директорлар кенесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуі ұсынуға;
- 3) Қоғамның Директорлар кенесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

3. Акционерлер Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасы мен осы Жарғыда көзделген басқа да құқыктарды иелене алады. Қоғам Жарғысының осы бабында көзделген акционерлердің құқыктарын шектеуге жол берілмейді.

19-бап. Қоғам акционерлерінің міндеттері

1. Қоғам акционері:

- 1) осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіpte, колемде және тәсілдермен акцияларды толеуғе;
- 2) осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғам тіркеушісі мен атаулы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы 10 (он) күн ішінде хабарлауға;
- 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Қоғамның заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын ақпаратты жария етпеуғе;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

2. Акционердің Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті ақпараттарды беру бойынша өз міндеттемесін орындауының салдары үшін Қоғам мен Қоғам тіркеушісі жауапты болмайды.

20-бап. Акцияларды иеліктен шығару құқығы

1. Акционерлер Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасына сәйкес басқа акционерлердің келісімінсіз өздеріне тиесілі акцияларын иеліктен шығаруға құқылы.

2. Қоғам акцияларын сатып алу-сату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздаррында жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен Қоғам акцияларына қатысты мыналарға шек қойылуы мүмкін:

- 1) Қоғам акцияларымен мәмілелер жасауға;
- 2) бір акционерге тиелісі Қоғам акцияларының ең көп санына;
- 3) Қоғам акциялары бойынша бір акционерге берілетін ең жоғары дауыс санына.

3. Қоғам акционерлердің Қоғам акцияларын сатуына кедергі жасауға құқы жоқ. Қоғам акцияларын сатқысы келген тұлғага оларды Қоғамның өзі немесе үшінші тұлғалардың ұсынылған бағадан жоғары бағамен сатып алғындығы туралы ұсыныс жасауына құқы бар. Сатып алу туралы ұсыныста акциялар саны, бағасы және үшінші тұлғалар сатып алған жағдайда сатып алушының деректемелері туралы мәлімет болуы тиіс.

4. Тұлға өз бетінше немесе өзінің аффилиренген тұлғаларымен бірге бағалы қағаздардың қайталама рыногында Қоғамның дауыс беретін акцияларының 30 (отыз) және одан да көп пайызын сатып алса, сатып алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде Қоғамның бұқаралық ақпарат құралдарына қалған акционерлерге оларға тиелісі Қоғам акцияларын сатуға ұсынысты жариялауға міндетті. Акционер өзіне тиесілі акцияларды сату туралы ұсынысты оларды сату туралы ұсыныс жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде қабылдауға құқылы.

Акционерлерге оларға тиелісі акцияларды сату туралы ұсыныста көрсетілетін мәліметтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады. Сатып алатындығы туралы жариялаған түлға акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатуға жазбаша келісімін алған жағдайда, 30 (отыз) күн ішінде акцияларға төлем жасауға міндетті.

5. Қоғам Жарғысының осы бабының 4-тармағында аталған акцияларды сатып алу тәртібі сақталмаған жағдайда, Қоғамның дауыс беретін акцияларының 30 (отыз) және одан көп пайзын иеленетін түлға немесе түлғалар олармен аффилирленбекен түлғаларға Қоғамның жай акцияларының 29 (жырма тоғыз) пайзынан асатын өзіне (өздеріне) тиесілі акцияларды иеліктен шыгаруға міндетті.

Өзіне тиесілі акцияларды сату туралы ұсыныска жарап ретінде өтініш берген Қоғам акционері, осы ұсынысты жариялаған түлғаның акцияларды сатып алудан бас тартуына сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

6. Қоғам шыгаратын жарияланған акцияларын, олар бағалы қағаздардың бастапқырыногында орналастырылса сатып алуға құқығы жок.

21-бап. Қоғам акцияларын және өзге бағалы қағаздарын кепілге алу құқығы

1. Қоғам өзі орналастырган Қоғамның акциялары мен өзге бағалы қағаздарын кепілге қабылдауға құқылы.

Қоғам орналастырган бағалы қағаздарын тек мынадай жағдайларда кепілге қабылдай алады, егер:

- 1) кепілге берілетін бағалы қағаздарға толықтай ақы төленсе;
- 2) Қоғамға кепілге берілетін және оның кепіліндегі бағалы қағаздардың жалпы саны Қоғамның орналастырган акцияларының 25 (жырма бес) пайзынан артық емес болса;
- 3) кепілге алу туралы шартты Қоғамның Директорлар кенесі мақұлдаса.

2. Қоғам акционерлері өздеріне тиелісі Қоғамның акциялары мен өзге бағалы қағаздарын кепілге салуға құқылы. Акционер өздері кепілге салған акциялары бойынша дауыс беруге және дивидендер алуға, егер, кепілге алу туралы шарттың талаптарында басқалай көзделмесе, құқылы.

3. Қоғам орналастырган және оның кепіліндегі акциялар бойынша дауыс беру құқығы, егер, акцияларды кепілге алу туралы шарттың талаптарында басқалай көзделмесе, акционерге тиесілі. Қоғамның өзінің кепіліндегі өз акцияларымен дауыс беруіне құқығы жоқ. Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге алуды тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

22-бап. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендер

1. Қоғамның таза табысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпте айқындалады. Таза табысты бөлу Акционерлердің жалпы жиналышында Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітілгеннен кейін жүзеге асырылады.

2. Бюджетке салыктар мен басқа да міндетті төлемдерді толегеннен кейін қалатын Қоғамның таза табысы Қоғамның иелігінде қалады, оның бір болігі дивидендер түрінде акционерлердің арасында бөлінеді, ал қалған болігі Қоғамды дамытуға немесе Акционерлердің жалпы жиналышында шешімімен қарастырылған өзге мақсаттарға жұмысалады. Қоғамның акциялары бойынша дивидендердің ақшалай немесе Қоғамның құнды қағаздарымен төленеді. Қоғам акциялар бойынша дивидендерді Қоғамның бағалы қағаздарымен төлеуді жүргізуге, егер, мұндай төлем Қоғамның жарияланған акциялары мен шыгарған облигацияларымен акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда жүзеге асырылатын болса, құқылы.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендер төлеуге жол берілмейді.

Төленбекен дивидендермен акцияларды иеліктен шығару егер мұндай акцияларды иеліктен шығару шартпен көзделмесе акцияны жаңа мешік іесінің алу құқығымен жүзеге асырылады.

3. Қоғам жай акциялар бойынша дивидендер төлеуді тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, не жыл қорытындысы бойынша жариялауға құқылы. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендер толық төленгөнге дейін, жай акциялар бойынша дивидендер төлемі жүргізілмейді.

Артықшылықты акциялар бойынша есептелеңтін дивидендер көлемі сол кезең бойынша жай акцияларга есептелеңтін дивидендер көлемінен кем болмайды.

Дивиденд алу құқығына ие акционерлер тізімін Қоғам, дивидендерге төлем жасау басталатын күннің алдындағы күні жасайды.

4. Қоғамның өзі орналастырмagan немесе сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ оны тарату туралы сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы шешім қабылдаса, дивидендер есептелмейді және төленбейді.

5. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендер төлеуге мынадай жағдайларда:

1) өз капиталының теріс көлемі болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының көлемі оның акциялары бойынша дивидендер төлеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заннамасына сәйкес төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе, не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендер есептеу нәтижесінде пайда болса, жол берілмейді.

6. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес дивидендерді уақытында төлемегені үшін жауапты болады.

23-бап. Қоғам акциялары бойынша дивидендер төлеудің шарты мен тәртібі

1. Тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендер төлеу Акционерлерінің жалпы жиналышы шешімінен жүзеге асырылады. Жыл қорытындысы бойынша жай акцияларға дивидендер төлеу туралы шешім Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналышында қабылданады.

Тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша жай акцияларға дивидендер төлеу туралы Жалпы жиналыш шешімінде бір жай акцияға дивидендер көлемі көрсетіледі.

2. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы Қоғамның жай акцияларына Акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесі үшін Қазақстан Республикасының заннамасы белгілеген кандай да бір кезең қорытындылары бойынша дивидендер төлемеу туралы шешім қабылдауга құқылы, ол туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның бұқаралық аппарат құралдарына және корпоративтік веб-сайтында міндетті түрде жариялауы тиіс.

Қоғамның артықшылық акциялары бойынша дивидендер, Қазақстан Республикасының заннамалық актілерінде және осы Жарғыда қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қоғам органдарының шешім қабылдауынсыз төленеді.

3. Қоғамның бір артықшылықты акциясина кепілдікті дивиденд көлемі Қоғам акциясының атаулы құнының 30 (отыз) пайзын құрайды. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендер жылына бір (1) рет артықшылықты акциялар бойынша дивидендер төленуі тиіс жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде төленуі тиіс. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендер төлеу үшін белгіленген мерзім шегінде тікелей дивидендер төлеуді бастайтын күнді Қоғам Басқармасы белгілейді.

4. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендер төлеу туралы Қоғам шешімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;

2) дивидендер төленетін кезең;

- 3) жай бір акцияга есептелеңдін дивиденд көлемі;
- 4) дивидендтер төлеуді бастайтын күн;
- 5) дивидендтер төлеу тәртібі мен нысаны.

5. Қоғамның жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімін, сондай-ақ, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы мәліметтерді, Қоғам, Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғамның бұқаралық ақпарат құралдарында және корпоративтік веб-сайтында жариялады.

6. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеу төлем агенті арқылы жүргізуі мүмкін. Төлем агенттің көрсеткен қызметіне ақы төлеу Қоғам қаражаты есебінен жүргізіледі.

7. Акциялардан басқа, Қоғамның шығаралын өзге эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша кіріс төлеу Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасына және Қоғамның бағалы қағаздар шығарылымы проспектісіне сәйкес жүргізіледі.

6-тарапу. Қоғамның органдары

24-бап. Қоғамның органдары

1. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:
 - 1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
 - 2) басқару органы – Директорлар кенесі;
 - 3) атқарушы орган – Басқарма;
 - 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау саласында бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқару саласында құжаттарды орындауды және Қоғам жұмысын жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыруши орган – Ішкі аудит қызметі.

25-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы

1. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғарғы органы болып табылады. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы жыл сайын өткізіледі. Қоғам акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) айдан кешіктірмей өткізіледі. Көрсетілген мерзім есептегі кезең үшін Қоғам жұмысының аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

2. Қоғам акционерлерінің жылдық жиналысынан басқаларының барлығы кезектен тыс болып табылады.

Қоғам акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кенесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кенесі немесе Қоғамның ірі акционерінің бастамасы бойынша шақырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Қоғам акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын міндепті түрде шакыру жағдайы қарастырылуы мүмкін.

3. Қоғам акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысында:

- Қоғамның жылдық қаржы есептілігі бекітіледі;
 - өткен қаржы жылына Қоғамның таза кірісін болу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есебімен дивиденд көлемі белгіленеді;
 - Қоғам акционерлерінің Қоғам және оның лауазымды тұлғаларының іс-қимылдарына өтініштері және оларды карау нәтижелері туралы мәселе қаралады.
- Қоғамның Директорлар кенесі Төрағасы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:
- Қоғам акционерлерін Директор кенесінің және Қоғам Басқармасының мүшелерін сыйақылау көлемі туралы хабардар етеді;
 - Қоғамның жылдық есебі құрамына кіргізілетін Директорлар кенесінің жұмысы туралы жылдық есепті акционерлерге ұсынады. Директорлар кенесінің жылдық есебі құрамына талаптар

Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен және Корпоративтік басқару кодексімен белгіленеді.

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдауы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы құзырына жатқызылған өзге де мәселелерді қарауга құқылы.

4. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына өздеріне тиісті акцияларын толық төлеген акционерлер ғана қатысады және дауыс бере алады. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқылы акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесінің деректері негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Қорсетілген тізімді жасау күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылдау күннен бұрын белгіленбейді.

5. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін талқылауға ұсынылған нақты және негізгі тұжырымдамасы мен сұрақтар тізімін бере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі жасайды. Жиналыстың күн тәртібін бекіту, жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен Акционерлердің жалпы жиналысында жүргізіледі.

6. Хабарламада (хабарлама, ескерту қағазы) қорсетілген Жалпы жиналыстың күн тәртібі, акционерлердің Жалпы жиналысын өткіzetін күнге дейін кем дегенде 15 (он бес) күннен кешіктірмей, Қоғамның қалған акционерлеріне міндепті түрде хабарлай отырып, Директорлар кеңесі немесе ірі акционердің ұсынысы бойынша толықтырылуы мүмкін.

7. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі, жиналысқа қатысуышы немесе Қоғамның дауыс беруші акцияларының тоқсан бес және одан да көп пайызынан астам жиынтығына иегер акционерлердің (немесе осындай акционерлердің өкілдерінің) шешімі бойынша өзгертуі және/немесе толықтырылуы мүмкін.

8. Акционерлердің Жалпы жиналысында сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған кезде, сондай-ақ Қоғам акционерлерінің кайталама жиналысын өткізген (болмағанының орнына) кезде, акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің өзгеруі және/немесе толықтырылуы мүмкін емес. Акционерлердің кайталама Жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі тиіс.

9. Акционерлердің Жалпы жиналысының жиналыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауга және сол бойынша шешім қабылдауға құқы жоқ. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелердің барлығы қаралып және сол бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

26-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу тәртібі

1. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуғе дайындау және өткізуді, тарату комиссиясымен жасаган шартқа сәйкес, Қоғам Басқармасы, Директорлар кеңесі, Қоғам тіркеушісі жүзеге асырады. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу шығындарын, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде басқалай қарастырылмаган болса, Қоғам көтереді.

2. Акционерлерге Жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы хабарлауды, Қоғамның бұқаралық ақпарат құралдарында және корпоративтік веб-сайтында хабарлама жариялау арқылы оны өткіzetін күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Қоғам жүзеге асырады. Осыған қосымша ретінде Қоғам акционерлерді ескертуді баспа басылымдарына қарағанда, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асыруға құқылы.

Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

3. Акционерлердің жалпы жиналышын ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі заң талабына сәйкес ресімделген, Акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға және онда дауыс беруге өкілеттілігін раставтын сенімхатын ұсынуға міндетті. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқылы емес.

Қоғам Акционерлері – артықшылық акциясын меншіктенушілер, ашық тәртіpte өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға және қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналышына, Қоғам акционерлері болып табылмайтын, егер басқалай ашық тәртіpte өткізілген Акционерлердің жалпы жиналышының шешімімен белгіленбекен басқа тұлғалар шақырусыз қатыса алады.

Мұндай тұлғаларға Акционерлердің жалпы жиналышында сөз сойлеу құқығы Жалпы жиналыштың шешімі бойынша беріледі. Бұл қағида жиналыштың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Акционерлерге қажетті ақпарат пен қосымша материалдарды беру мақсатында Жалпы жиналыштың жұмысына қатысатын Қоғам қызметкерлеріне таратылмайды.

4. Акционерлердің жалпы жиналышы, егер жиналышқа қатысушылар тіркеліп біткен сәтте Қоғамның дауыс беруші акциясының елу (50) және одан да көп пайыз жиынтығының иегері (жиналыш өткізу сәтінде дауыс беру құқы бар), Акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға және дауыс беруге құқы бар, Қоғам акционерлерінің тізіміне қосылған акционерлер немесе олардың өкілдері, оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер (мұндай Акционерлердің өкілдері) күн тәртібіндегі мәселелерді карауға және сол бойынша шешім қабылдауға құқы бар.

5. Жалпы жиналышка қатысушыларды тіркеу сәтінде Қоғам алған және бюллетенде көрсетілген сырттай дауыс беру бюллетендерін Акционерлерге жіберілген жағдайда, кворумды анықтау және дауыс беру корытындысын шыгару кезінде ескеріледі.

6. Егер қатысуға тіркеуді аяқтаған сәтте Қоғам акцияларына дауыс берушілердің бәрін қосканда 40 (қырық) және одан да көп пайзынын (жиналыш өткізген сәтте дауыс беру құқы бар) игерген, соның ішінде сырттай дауыс беруші Акционерлер (немесе осындай Акционерлердің өкілдері), тіркелген болса, болмай қалған жиналыштың орнына шақырылған Акционерлердің қайталама жалпы жиналышы құқылы болып есептеледі.

Сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы жиналышын өткізген кезде кворум болмаған жағдайда, Акционерлердің қайталама Жалпы жиналышы өткізілмейді.

Қоғам Акционерлерінің қайталама Жалпы жиналышы, алғашқы жиналышты өткізу белгілеген күннен кейін келесі күннен кешіктірмей, болмай қалған жиналыштың орнына өткізіледі.

Акционерлердің қайталама Жалпы жиналышын өткізу талаптары Қазақстан Республикасының заннамасымен белгіленеді.

7. Акционерлердің жалпы жиналышы кворум болған кездеғана жарияланған уақытында ашылады. Акционерлердің жалпы жиналышы, барлық Акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген, хабарландырылған және жиналыштың ашылу мерзімін өзгертуге қарсы болмаған жағдайлардан басқа кезде, бұрын жарияланған уақытта ашылмайды.

8. Акционерлердің жалпы жиналышы Төрағасын (төралқасы), Жалпы жиналыштың хатшысын және Жалпы жиналышта дауыс есебін шыгаруға өкілеттік берілген кем дегенде 3 (үш) адамнан тұратын Есептеу комиссиясының мүшелерін сайлайды.

Басқарма мүшелері, Акционерлердің жиналышына қатысушылардың барлығы Басқармага кірген жағдайдан басқа уақытта, Акционерлердің жалпы жиналышында төрагалық ете алмайды.

Басқарма мүшелері Қоғамның Есептеу комиссиясының құрамына ене алмайды.

Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналышының жұмысындағы Есептеу комиссиясының қызметі Қазақстан Республикасының заннамасымен анықталады. Акционерлердің жалпы жиналышының шешімі бойынша Есептеу комиссиясының қызметі Қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін. Есептеу комиссиясы Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналышында дауыс беру үшін толтырылған бюллетендердегі ақпараттың құпиялыштығын қамтамасыз етеді.

27-бап. Акционерлердің жалпы жиналыштағы өкілдігі

1. Акционер Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналышына қатысуға және қаралатын мәселеге жеке немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқылы. Қоғам Басқармасының мүшелері акционерлердің Жалпы жиналышында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сойлеуге құқы жоқ.

2. Акционер өкілі қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген сенімхаттың негізінде әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес, акционердің атынан сенімхаттың әрекет етуге немесе оның мүддесін корғауга құқылы тұлға үшін Акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуға және қаралатын мәселе бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

28-бап. Акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру

1. Қоғамның әрбір акционерінің:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілген акция бойынша дауыстың ең жоғарғы санын шектеу;

2) Директорлар кенесі мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;

3) Акционерлердің жалпы жиналышын өткізуіндегі ресімдік мәселесі бойынша Акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру құқы бар әрбір акционерге бір дауыстан беру жағдайларын қослағанда, Жалпы жиналышта «бір акция – бір дауыс» қагидатымен дауыс беруге құқы бар.

2. Жалпы жиналышта дауыс беру ашық тәсілмен және бюллетенъ бойынша жасырын түрде жүргізілуі мүмкін.

3. Акционерлердің жалпы жиналышының шешімі сырттай дауыс беру жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналышына қатысушылардың (аралас дауыс беру) немесе Қоғам акционерлері жалпы жиналышының мәжілісін өткізбестен, жасырын дауыс берумен бірге қолданылуы мүмкін.

Сырттай/аралас дауыс беру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасы және осы Жарғымен белгіленеді.

4. Қоғам, сырттай дауыс беруді өткізген кезде Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізбесі жүйесінің деректері негізінде жасалған акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетенъ жіберуге міндетті. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналышын өткізу туралы хабарламамен бірге Акционерлердің жалпы жиналышында сырттай дауыс беру үшін бюллетеннің Қоғамның бұқаралық акпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді.

5. Сырттай дауыс беру үшін бюллетендер Акционерлердің жалпы жиналышын өткізетін күнге дейін кем дегенде 45 (қырық бес) күн бұрын немесе Қоғам Акционерлері жалпы жиналышының мәжілісін өткізбестен сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күніне дейін алушыларға жіберіледі.

6. Сырттай дауыс берген кезде төмөндегі талаптар сақталуы тиіс:

1) күн тәртібіндегі мәселе бойынша шешім қабылдау үшін бірыңғай нысандағы бюллетендер пайдаланылуы тиіс;

2) дауыс беру бюллетенінде:

- Қоғамның атқарушы органдың толық атауы және орналасқан орны,

- жиналышты шақырушы бастамашы туралы мәлімет,

- сырттай дауыс беру үшін бюллетенъ тапсырудың соңғы күні;

- шақырылған жағдайда жиналыш өткізілетін күн немесе Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналышының мәжілісін өткізбестен дауыстарды санау күні;

- Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналышының күн тәртібі;

- дауыс беру жүргізілетін, сұрактардың тұжырымы;

- дауыс беруге қойылған әр мәселе бойынша «қарсы емес», «қарсы», «қалыс қалу» сөзі түрінде дауыс беру варианты;
- күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру тәртібі туралы түсінік беру (бюллетенъ толтыру);
- егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кенесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, сайлауға ұсынылған үміткерлердің аты қамтылуы тиіс.

7. Дауыс беруші акционердің немесе занды тұлғалы дауыс беруші акционердің басшысының колы қоғамға, сондай-ақ занды тұлғалы акционердің мөрі соғылмаған сырттай дауыс беру үшін бюллетені жаралып дауыс берудің мүмкіндікті түрлерінің біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар ғана ескеріледі.

Акционер бюллетенінде қол қоюға, соның ішінде өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап кою мақсатында өзі тілек білдірген жағдайларды коспаганда, акционер сырттай жасырын дауыс беру бюллетенінде қол қоймайды. Сырттай және/немесе жасырын дауыс беру үшін бюллетенінде бойынша дауыстарды санаған кезде, дауыс берушілер бюллетенінде анықталған, дауыс беру тәртібін сактаған және дауыс берудің мүмкіндікті түрлерінің біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар ғана ескеріледі.

8. Дауыс беруге Қоғамның Жалпы жиналысқа қатысуышыларды тіркеу сәтінде немесе Қоғам акционерлердің жалпы жиналысы мәжілісін өткізбестен шешім қабылданып, дауысты санау күнінде алған бюллетендері қатыстырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қажетті кворум сакталған кезде, сырттай дауыс беру нысанында қабылданған шешімдер жарамды болып табылады.

9. Дауыс беру қорытындысы бойынша есептеу комиссиясы немесе Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауысты санауға өкілетті тұлғалар дауыс беру қорытындысы туралы Хаттама жасайды және қол қояды. Дауыс беру қорытындысы туралы Хаттама жасалып және акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін, дауыс беру бюллетенінде сүргі соғылып, сактау үшін Қоғам мұрағатына тапсырылады.

Акционерлердің дауыс беру қорытындысы дауыс беру өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады және Қоғамның бұқаралық акпарат құралдарында жариялау жолымен Акционерлердің жалпы жиналысын жапқаннан кейін дауыс беру қорытындысы туралы есеп акционерлерге жеткізіледі немесе Акционерлердің жалпы жиналысын жапқаннан кейін 10 (он күн) күн ішінде әр акционерге жазбаша хабардар ету қағазы жіберіледі.

Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына косып тіркелуге жатады.

29-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы

1. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан соң 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей ресімделеді және қол қойылады және мазмұнында:

- Қоғамның атқарушы органдың толық атауы мен орналасқан жері;
- Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілген күні, орны және уақыты;
- Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәлімет;
- Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- Жалпы жиналыста дауыс беруге қойылған күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша акционерлердің даыстарының жалпы саны;
- Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы (төралқадағы) мен хатшы туралы мәліметтер;
- Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуышылардан сойлеген адамдар;
- дауыс беруге қойылған сұрақтар, сол бойынша дауыс беру қорытындысы;
- Акционерлердің жалпы жиналысында қабылдаған шешім болуы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралғанда, Жалпы жиналыс Хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланып алынған мүшесі қай акционердің өкілі және/немесе Директорлар кеңесінің сайланып алынған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатындығы көрсетіледі.

2. Хаттамага Жалпы жиналыстың Төрағасы (төралқа мүшелері), хатшысы, Жалпы жиналысқа катысқан он және одан да көп пайызы дауыс беру акциясына иегер акционерлер, Есептеу комиссиясының мүшелері немесе Жалпы жиналыстағы дауыстарды есептеуді жүзеге асыруға құқылы адам кол қояды.

Егер хаттамаға міндетті түрде кол қоюға тиісті адамның кол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда, Хаттамага оған берілген сенімхат негізінде оның өкілі кол қояды.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен келіспеген жағдайда, акционердің талап етуге құқы бар, ал хатшы осы акционердің ерекше пікірін хаттамага енгізуге міндетті.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындысы туралы Хаттамамен, Жалпы жиналысқа катысуға және дауыс беруге құқы бар сенімхатпен және Хаттамага кол қоюдан бас тарту себебі жазбаша түсініктемесімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар хаттамалар кітапшасына тігіледі, Басқармада сақталады және Қоғамның коммерциялық, қызметтік және басқа да қорғалатын құпияларының сакталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптар сақтала отырып, кез келген уақытта танысу үшін акционерлерге беріледі. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы Хаттамасының көшірмесі беріледі.

30-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреті

1. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа редакциядағы Қоғамның Жарғысын бекіту;
- 2) Қоғамды өз еркімен қайта үйымдастыру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның жарияланған акцияларының орналастырылмаған түрін өзгерту;
- 4) Қоғамның бағалы қағаздарының айырбасталымы шарттары мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 5) Қоғамды корпоративті басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 6) Қоғамның Есептеу комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттілік мерзімін анықтау, олардың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, олардың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу шарты мен мөлшерін анықтау;
- 8) Қоғам аудитін жүзеге асыратын, аудиторлық үйымды анықтау;
- 9) Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту;
- 10) есептегі қаржылық жыл бойынша Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясының есебімен жылдың қорытындысы бойынша дивидендтердің мөлшерін бекіту;
- 11) Қоғам Жарғысының 22-бабының 5-тармағында қарастырылған жағдайлар орын алған кезде, Қоғамның жай және артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғамға қарасты барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайыз сомасын құрайтын, активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа занды тұлғаларды құруға немесе жұмысына Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 13) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлеріне хабарлау нысанын анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
- 14) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

- 15) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, Қоғам акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдісін бекіту (оның ішінде оған өзгерістер енгізу);
- 16) «Алтын акцияны» енгізу және құшін жоу;
- 17) Қоғамның Директорлар кенесі туралы Ережені бекіту;
- 18) акционерлерге Қоғамның жұмысы туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау;
- 19) заңнама немесе Қоғам Жарғысы Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызған басқа мәселелер бойынша шешім қабылдау.

2. Қоғам Жарғысының осы бабының 1-тармагында аталған мәселелер бойынша шешім 8), 9), 11), 13), 14), 16) тармақшаларды, сондай-ақ, Жарғының 31-бабының 7-8-тармактарында көзделген жағдайларды алмағанда, Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілік дауысымен қабылданады. Қоғам сырттай дауыс беру арқылы осы баптың 1-тармағы 1)-4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдауга құқы жоқ.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жататын мәселелер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайлардан басқа кезде, Қоғамның Директорлар кенесінің немесе басқа органдарының және Қоғамның лауазымдық тұлғаларының құзыретіне берілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметтеріне қатысты мәселелер бойынша Қоғам органдарының кез келген шешімін алып тастауға құқылы.

31-бап. Қоғамның Директорлар кенесі

1. Директорлар кенесі, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелерді шешуден басқа, Қоғам жұмысына жалпы басшылық етуді жүзеге асыратын Қоғамның басқаруышы органы болып табылады.

2. Директорлар кенесінің мүшелері Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында сайланады және Қоғамның Директорлар кенесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын токтатылған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасы мен осы Жарғыда қарастырылған тәртіpte, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында кайта сайланады.

3. Қоғамның Директорлар кенесінің құрамы Қоғам акционерлері – жеке тұлғалар, сондай-ақ Директорлар кенесінде акционерлердің мүддесін қорғайтын өкіл ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалардан сайланады.

Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционерлердің мүддесін қорғайтын өкіл ретінде Директорлар кенесіне сайлануға ұсынылған тұлға Директорлар кенесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кенесінің құрам санының 50 (елу) пайызынан аспауы тиіс.

Директорлар кенесіне мыналар:

- занмен белгіленген етелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- бұрын белгіленген тәртіpte банкрот ретінде танылған басқа занды тұлғаны мәжбүрлі түрде тарату немесе акцияларын мәжбүрлі түрде сатып алу, я болмаса консервация туралы шешім кабылданғанға дейін кемінде бір жыл бұрынғы кезең ішінде директорлар кенесінің төрағасы, бірінші басшы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлғалар сайлана алмайды. Бұл талап белгіленген тәртіpte банкрот ретінде танылған басқа занды тұлғаны мәжбүрлі түрде тарату немесе акцияларын мәжбүрлі түрде сатып алу, я болмаса консервация туралы шешім кабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

Занды тұлға Қоғамның Директорлар кенесінің мүшесі бола алмайды.

4. Президенттен басқа Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның Директорлар кенесінің мүшесі бола алмайды. Қоғамның Президенті бір мезгілде Қоғамның Директорлар кенесінің төрасы болып сайланбайды.

5. Директорлар кенесінің жұмыс тәртібі және оның құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілетін Директорлар кенесі туралы Ережемен белгіленеді.

6. Директорлар кенесіне 11 (он бір) мүшесі сайланады, олардың әркайсысы бір дауыс беру құқығына ие. Қоғамның Директорлар кенесінің бір мүшесінің Қоғамның Директорлар кенесінің екінші мүшесі үшін дауыс беруіне тығым салынады.

Директорлар кенесінің мүшелері 3 (үш) жылға немесе Акционерлердің жалпы жиналысында белгіленген басқа мерзімге сайланады. Қоғамның Директорлар кенесіне сайланған тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасында басқалай көзделмесе, бірнеше рет қайта сайлануы мүмкін. Қоғамның Директорлар кенесі мүшелерінің кем дегенде 1/3 (үштен бірі) тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кенесі өкілеттігінің мерзімі Директорлар кенесінің жаңа құрамы сайланатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген сэтте аяқталады.

7. Директорлар кенесінің мүшелерін сайлау жиынтықты дауыс беру арқылы жүзеге асрылады. Акционер өзіне тиесілі акция бойынша бір үміткерге толығымен немесе Директорлар кенесінің мүшелігіне бірнеше үміткерлер арасында бөліп дауыс беруге құқылы. Анағұрлым көп дауыс жинаған үміткерлер Директорлар кенесіне сайланды деп есептеледі. Егер Директорлар кенесінің мүшелігіне екі және одан да көп үміткерлер бірдей дауыс жинаған болса, онда мұндай үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

8. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кенесінің кез келген мүшесінің (барлық мүшелерінің) өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Қоғамның Директорлар кенесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім, Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған, Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

9. Қоғамның Директорлар кенесі мүшесінің өкілеттігін оның өз ықыласы бойынша тоқтату кез келген уақытта, Қоғамның Директорлар кенесін жазбаша хабардар ету арқылы жүзеге асрылады. Директорлар кенесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кенесі ескерту қағазын алған сэтten бастав тоқтатылады.

10. Директорлар кенесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған жиынтықты дауыс беру арқылы жүзеге асрылады, мұндай кезде Директорлар кенесіне жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Директорлар кенесінің жалпы өкілеттік мерзімінің өтүімен бір мезгілде аяқталады.

Директорлар кенесінің 3 және одан да көп мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кенесінің қалған мүшелерінің осы Жарғының 31-бабы 7-тармагына сәйкес, Директорлар кенесінің жаңа құрамын сайлау туралы мәселе бойынша акционерлердің көзектен тысы Жалпы жиналысын шакыру жайында ғана шешім қабылдауға құқы бар.

32-бап. Қоғамның Директорлар кенесінің төрағасы

1. Қоғамның Директорлар кенесінің Төрағасы, оның мүшелерінің арасынан, Директорлар кенесінің қандай дауыс беру тәсілін таңдауына байланысты, Директорлар кенесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен, ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кенесі өз Төрағасын кез келген уақытта Директорлар кенесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қайта сайлауға құқылы.

2. Төраға, Қоғамның Директорлар кенесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілісін өткізеді, сондай-ақ Қоғам Жарғысы мен Директорлар кенесі туралы Ережеде қарастырылған басқа да қызыметтерді жүзеге асыйрады. Төраға болмаған жағдайда, оның жұмысын Директорлар кенесінің шешімі бойынша Директорлар кенесі мүшелерінің біреуі жүзеге асыйрады.

3. Директорлар кенесінің Төрағасы:

1) Қоғамның атынан:

- Қоғам аудиторымен жыл сайын аудит жүргізу шартын;

- Басқарма Төрағасымен Басқарма Төрағасының жауапкершілігі және материалдық көтермеленуі Қоғамды дамыту жоспарының (орташа мерзімді Бизнес-жоспарының) орындалуы мен жұмыс қорытындысына тікелей байланысты болатындығы қарастырылатын еңбек шартын жасайды;

2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы лауазымына тағайындау үшін кандидатура ұсынады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қоғам Басқармасы мүшелерінің жұмысына жетекшілік ету жөніндегі басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

33-бап. Директорлар кенесі мәжілісін өткізу тәртібі

1. Директорлар кенесінің мәжілісі Төрағаның немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша, сонымен катар, Директорлар кенесінің кез келген мүшесі, Қоғамның Ішкі аудит қызметі, аудитор немесе Қоғамның ірі акционерінің талап етуімен шақырылады.

2. Директорлар кенесі мәжілісін шақыру және өткізу тәртібі Директорлар кенесінің Ережесімен анықталады.

3. Директорлар кенесінің мәжілісін шақыру туралы талап түсken күннен бастап, 10 (он) күннен кешіктірмей, Директорлар кенесінің Төрағасы немесе Қоғам Басқармасының шақыруы тиіс. Директорлар кенесінің Төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашының Қоғам Басқармасына өтініш білдіруге құқы бар, ол өтініш түсken сөттен бастап, 5 (бес) күннен кешіктірмей Кеңес мәжілісін шақыруға міндетті.

Директорлар кенесінің мәжілісі, Директорлар кенесінің мәжілісін шақыру туралы талап қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып жүргізіледі.

4. Директорлар кенесінің мүшелеріне, мәжіліс ететін күнді, уақытын, орнын және күн тәртібін көрсете отырып, Қоғам Директорлар кенесінің мәжілісі болатыны туралы ескерту қағазы жіберіледі.

Директорлар кенесі мәжілісін өткізу туралы жазбаша ескерту қағазы, мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен қоса, мәжіліс өткізілетін күнге дейін, кем дегенде 3 (үш) күн бұрын Директорлар кенесінің мүшелеріне жіберіледі. Директорлар кенесінің мүшесі немесе оны ауыстыратын тұлға, Директорлар кенесі мәжілісіне өзінің қатыса алмайтындығы туралы Басқармаға және Кеңес төрағасына алдын ала хабардар етуге міндетті.

5. Директорлар кенесінің мәжілісі, егер оған Қоғамның Директорлар кенесінің 11 (он бір) сайланған мүшесінің кем дегенде 9 (тоғызы) қатысқан болса, заңды болып есептеледі.

6. Директорлар кенесінің құзырына жататын кез келген мәселе бойынша оның шешімі егер оның қабылдануына, заңнамалық актілерде және/немесе Қоғам Жарғысының 41-бабы З-тармагында көзделгендей Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасауда оларды жасау туралы мәселелер бойынша дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кенесінің 11 (он бір) мүшесінің 9 (тоғызы) және одан да көп мүшесі дауыс берген жағдайда қабылданған болып есептеледі.

Директорлар кенесінің ашық тәртіpte өткізілген мәжілісінде қабылданған шешімдер, мәжіліс өткен күннен кейін 3 (үш) күннің ішінде мәжілісте төрағалық етуші тұлға және Директорлар кенесінің хатшысы қол қойған Хаттамамен ресімделеді. Директорлар кенесі мәжілісінің Хаттамасында көрсетілген мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Директорлар кенесі туралы Ережемен анықталады.

7. Директорлар кенесінің шешімі, мәжіліс өткізбестен, бюллетенге қол қою немесе телефонмен топтама байланыс жүргізу жолдарымен сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Директорлар кенесі сырттай отырысының шешімі Қоғам Жарғысының осы бабының 6-тармағында көрсетілген нысан бойынша жазбаша түрде ресімделеді және Директорлар кенесі мүшелері колдарының шешім қабылдауға жеткілікті саны болған жағдайда жарамды деп танылады.

Директорлар кенесі мүшелерінің сырттай дауыс беруді өткізу ерекшелігі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен және Директорлар кенесі туралы Ережемен белгіленеді.

34-бап. Қоғамның Директорлар кенесінің құзыреті

1. Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегі мәселелерді шешуі жатады:

- 1) Қоғам жұмысының басым бағыттарын белгілеу, сондай-ақ Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған стратегиялық бағыттарын бекіту және одан кейін Қоғам акционерлерінің қарауына ұсыну;
- 2) Қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналышын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Жарияланған акциялар санының шегінде, Қоғам акциясын орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастыру (сатылатын) саны, тәсілі мен оларды орналастыру бағасы (сату) туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын шамага міндеттемелерін арттыру;
- 5) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Қоғамның сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 6) Қоғамның жылдық каржылық есебін алдын ала бекіту;
- 7) Қоғамның туынды бағалы қағаздары мен облигациялар шығару талаптарын анықтау;
- 8) Қоғам Басқармасы құрамының санын, өкілеттігі мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, сонымен катар, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Басқарма Төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, енбекақысы мен сыйакы беру талаптарын анықтау;
- 10) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің енбекақысы мен сыйакы беру талаптары мен мөлшерін анықтау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;
- 11) Қоғамның Корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы көлемін және сыйакылау талаптарын белгілеу;
- 12) аудиторлық үйим, сондай-ақ Қоғам акциялары төлеміне берілген немесе ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің рыноктық құнын бағалау жөніндегі бағалаушы қызметтеріне төлем көлемін белгілеу;
- 13) Қоғамның кордагы капиталын пайдалану тәртібін анықтау;
- 14) Басқарманың Қоғам жұмысын ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарынан басқа, Қоғамның ішкі жұмысын реттеуши құжаттарды, оның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарының аукционын өткізу және жаздырып алу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 15) Қоғам өкілдігі мен филиалдарын құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелер бекіту;
- 16) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да астам пайызын (жарғы капиталындағы қатысу үлестерін) сатып алуы туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олардың жұмысы туралы мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 17) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық және басқа корғалатын құпиядан тұратын жұмысы туралы ақпаратты анықтау;
- 18) Қоғамның қатысы бар мәмілелердің және ірі мәмілелердің жасалуы туралы шешім қабылдау;
- 19) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналышына қатысу құқы бар акционерлер тізімін жасау құнін және Акционерлердің жалпы жиналышына дайындалу және өткізуге байланысты басқа мәселелерді анықтау;

- 20) бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда Қоғам тіркеушісін тандау;
- 21) Қоғамның Басқармасы туралы Ережені бекіту;
- 22) Қоғамды дамыту жоспарларын (орташа мерзімді Бизнес-жоспарларын) бекіту;
- 23) Қоғамның бюджетін, сондай-ақ есеп саясатын бекіту;
- 24) Директорлар кенесі бекітетін Қоғамның басшы қызметкерлерінің лауазымдары, еншілес және тәуелді заңды тұлғаларының тізбесін анықтау;
- 25) осы тармақтың 24) тармақшасына сәйкес тұлғаларды лауазымға бекіту;
- 26) Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерін бекіту, осындағы рәсімдердің сақталуын және тиімділігіне талдау жасауды, сондай-ақ оларды жетілдіруді қамтамасыз ету;
- 27) қызметтік женіл автокөлікпен жүру нормативтерін және әкімшілік аппаратын орналастыруға алаң нормаларын белгілеу;
- 28) қызметтік іссапарларга жолданатын Қоғам қызметкерлерінің шығыстарын қайтару тәртібі мен шарттарын белгілеу;
- 29) қызметкерлерге ұтқыр байланысты пайдалану құқығын, өкілдік шығыстар лимиттерін және Директорлар кенесінің шешімі бойынша басқа да лимиттерді беру кезінде Қоғамның қаражаты есебінен қайтарылатын шығыстар лимитін белгілеу;
- 30) Қоғамның Орталық аппараты қызметкерлерінің штатын бекіту;
- 31) Қоғамның Жұмыс тәртіптемесін бекіту;
- 32) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- 33) Қоғамның демеушілік жөне/немесе қайырымдылық көмек көрсетуі туралы шешім қабылдау;
- 34) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында қарастырылған, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатпайтын мәселелер.

2. Қоғамның Директорлар кенесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелер Қоғам Басқармасына шешу үшін берілуі мүмкін. Директорлар кенесінін, Қоғамның Жарғысына сәйкес, Қоғам Басқармасының құзыретіне жататын мәселелерді шешуге, сонымен қатар, Акционерлердің жалпы жиналышының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқы жок.

3. Қоғамдағы мейлінше маңызды мәселелерді қарau және Директорлар кенесіне ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кенесінің мынадай комитеттері құрылуы мүмкін:

- 1) аудит бойынша;
- 2) тагайындаулар бойынша;
- 3) сыйақылау бойынша;
- 4) Директорлар кенесінің қарауымен басқа да мәселелер бойынша.

Комитеттер Директорлар кенесі мүшелерінен тұрады. Қажет жағдайда Комитеттер құрамына нақты бір Комитетте жұмыс істеу үшін тиісті қасіби білімдері бар сарапшылар кіргізуі мүмкін.

Қоғам Басқармасы Төрағасы Директорлар кенесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кенесі комитеттерін құру және жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кенесі бекіткен Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

35-бан. Басқарма

1. Басқарма, Қоғамның алқалы атқарушы органды болып табылады, Қоғамның атынан әрекет етеді, оның ішінде осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оның мүддесін қоргайды, Қоғамның атынан мәміле жасайды, Қоғамның Орталық аппараты қызметкерлерінен басқа, Қоғам қызметкерлерінің штатын бекітеді, Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы міндетті шешім шығарады.

Қоғам Басқармасы Қоғамның жұмысына ағымдағы басшылық етуді жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаган, Қоғам жұмысының кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

2. Баскарма, Қоғамның Директорлар кенесінің және Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерін орындауды, Директорлар кенесіне есеп береді және оның алдында жүктелген міндеттердін орындалуына жауп береді.

3. Басқарманың ұйымдастырылуы, оның өкілеттігі, жұмыс тәртібі және шешім қабылдауы, сондай-ақ Басқарманың кез келген мүшесінің немесе барлық құрамының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Қазақстан Республикасы заннамасы, осы Жарғы мен Қоғам Баскармасы туралы Ережеге сәйкес, Қоғамның Директорлар кенесінің шешімдері бойынша жүзеге асырылады.

4. Басқарманы З (уш) жылдық мерзімге Директорлар кенесі тағайындауды.

5. Басқарма 7 (жеті) мүше – Басқарма Төрағасы мен Қоғамның Директорлар кенесі тағайындаған басқа тұлғалардан тұрады.

6. Қоғам акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлер Басқарма мүшесі болуы мүмкін. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен, Қоғам Баскармасы туралы Ережемен, сондай-ақ олардың әркайсысының Қоғаммен жасайтын еңбек шартымен аныкталады. Басқарма Төрағасымен жасалған еңбек шартына Қоғамның атынан Директорлар кенесінің Төрағасы, я болмаса, оған Жалпы жиналыс немесе Директорлар кенесі өкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

Қоғам Баскармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында лауазымды атқаруына Қоғамның Директорлар кенесінің келісімімен ғана рұқсат беріледі.

7. Қоғам Баскармасының мәжілісін шақыру және өткізу тәртібі Қоғам Баскармасы туралы Ережемен белгіленеді.

36-бап. Басқарма құзыреті

1. Қоғамның Баскармасы:

1) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кенесі шешімдерінің орындалуын, сондай-ақ Қоғамның жылдық қаржы есептілігі аудитін және Қоғамның Ішкі аудит қызметі ұсынымдарын жүзеге асыруши аудиторлық ұйым ұсынымдарының орындалуына бақылау жүргізу қамтамасыз етеді;

2) Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кенесінің құзыретіне жатпайтын Қоғамның мақсаттарына жетуге бағытталған шешімдер қабылдайды;

3) Қоғамның және оның құрылымдық бөлімшелерінің ішкі қаржы-шаруашылық жұмысының негізі мен тәртібін ретте келтіруші Қоғамның құжаттарын бекітеді, сонымен қатар, Қоғамның жалпы жұмысын құжаттандыруды қамтамасыз етеді;

4) Жарғыға сәйкес және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіpte, Қоғамның бірінші басшыларын және құрылымдық бөлімшелерінің басқа басқарушы қызметкерлерін, сондай-ақ еншілес және тәуелді заңды тұлғалардың бірінші басшыларын және басқа басқарушы қызметкерлерін тағайындауды;

5) Мыналарды әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кенесіне ұсынады;

- Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған стратегиялық бағыттарын;

- Қоғамды дамыту жоспарларын (орташа мерзімді Бизнес-жоспарлар), Қоғам бюджеті;

6) Қоғам бюджетін дайындауды және оны іске асыруды жүзеге асырады, сондай-ақ оның орындалуына жаупкершілік арқалайды;

7) Қоғамның ірі акционерлеріне Жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 наурызына дейін Қоғам акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамалы көрсеткіштерін ұсынады;

8) Қазақстан Республикасының заннамасына, осы Жарғы немесе Қоғамның жоғары тұрған органдарының шешіміне сәйкес, дайындалуы мен бекітілуі Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Қоғамның Директорлар кенесінің құзыретіне жататын жағдайлардан басқа, Қоғамның қаржы-

экономикалық, өндірістік және коммерциялық саясатын ретке келтіруші нормативтік құжаттарды және басқа бағдарламаларды өз бетінше әзірлейді, бекітеді және жүзеге асырады.

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында белгіленген тәртіпте және талаптармен акциялары мен қатысу үлестері Қоғам меншігіндегі еншілес және тәуелді заңды тұлғаларды басқаруда дауыс құқығын және басқа да қатысу құқықтарын пайдалану тәртібін белгілейді;

10) Қоғамдағы ішкі бақылау және тәуелкелдерді басқару рәсімдерін әзірлеуге және қолдануға жауапкершілік арқалайды;

11) Директорлар кеңесін Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі манызды кемшіліктер туралы өз мерзімінде хабардар етеді.

12) Қоғамның жекеменшігіне қатысты заңсыз іс-қимылдарға апарып соғатын себептер мен жағдайларды анықтау бойынша жұмысты ұйымдастырады.

2. Басқарма, акционерлердің Жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын жағдайлардан басқа, Қоғам жұмысының кез келген мәселелері бойынша шешімдер кабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің мәселелер тізбесін анықтауға құқы бар, сол бойынша Басқарма шешімдері Директорлар кеңесінде бекітілуі тиіс.

3. Басқарма, Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын, Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің 10 (он) пайызынан аспайтын сомаға кез келген мәміле жасауға құқылы.

Қоғам, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғам Жарғысының осы бабында белгіленген шектеулерді бұза отырып, Қоғам Басқармасының жасаған мәмілелерінің дұрыстығын даулауға құқылы.

37-бап. Қоғамның Басқарма Төрағасы

1. Басқарма Төрағасы Қоғамның лауазымды адамы болып табылады, оны Қоғамның Директорлар кеңесі сайлайды және Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғамның Жарғысы, Басқарма туралы Ереже және басқа да Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген өз құзыретінің шегінде Қоғамның жұмысын басқаруды жүзеге асырады. Қоғамның Басқарма Төрағасы атқарушы орган басшысы, я болмаса, атқарушы органның функциясын өзі жеке жүзеге асыратын тұлғанын, басқа заңды тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Лауазымы бойынша Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

2. Басқарма Төрағасы үшінші тұлғаларға қатысты Қоғамның атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды.

3. Басқарма Төрағасы мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғаларға қатысты Қоғамды көрсету құқығына сенімхат береді;

3) Қоғамның қызметкерлерін жұмыска қабылдау, ауыстыру және шығаруды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайларды алмаганда), оларды көтермелеген шарасын қабылдайды, тәртіптік жаза қолданады, Басқарма мүшелері мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінен басқа, Қоғамның штат кестесіне сәйкес, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен жалақыларына жеке қосымшалардың мөлшерін белгілейді;

4) өзі болмаган уақытында, өзінің міндеттін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

5) Қоғамның Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ жауапкершілік пен өкілеттілік өрісін бөледі;

6) Қоғамның бүкіл қызметі туралы мәселелер бойынша барлық мемлекеттік және басқа органдарда, басқа ұйымдарда, оның ішінде шетелдік ұйымдарда Қоғамның мүддесін көрсетеді;

7) Токсана кемінде 1 (бір) рет Директорлар кенесіне, сондай-ақ Қоғамның ірі акционерлеріне:

- Қоғам өзінің акционерлік (үлестік) қатысы бар ұйымдарды басқаруы туралы, сондай-ақ мұндай ұйымдардың қаржылық-шаруашылық жұмысының Қоғамның жұмыс көрсеткішіне әсері туралы есеп;
 - Қоғамды дамыту жоспарының (орташа мерзімді Бизнес-жоспарының) және Қоғам бюджетінің іске асуы туралы есеп;
 - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысан бойынша Қоғамның, оның еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы тоқсандық, жылдық, сондай-ақ шоғырландырылған ақпарат береді. Қоғамның Директорлар кенесінің шешімімен Қоғамның Директорлар кенесіне және ірі акционерлеріне есеп берудің өзгеше мерзімдері мен нысандары белгіленуі мүмкін.
- 8) Директорлар кенесінің Төрағасымен Қоғам Басқармасы Төрағасының және Басқарма мүшелерінің шетелдік іссапарларын келіседі;
- 9) Қоғамның Жарғысымен, Акционерлердің жалпы жиналышы және Қоғамның Директорлар кенесінің шешімімен белгіленген басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

4. Қоғам Басқармасы Төрағасының Қоғамның атынан өз бетінше 10 000 000 (он миллион) АҚШ долларына тең сомадан аспайтын сомага мәміле жасауға құқы бар. Аталған сомадан асатын мәмілелерді, бұл мәселе бойынша шешім қабылдау Қоғамның қай органдың құзырына жататындығына қарай, Басқарманың, Директорлар кенесінің немесе Акционерлердің жалпы жиналышының алдын ала мақұлдауымен Қоғамның Басқарма Төрағасы жасайды.

5. Басқарма Төрағасының қызмет тәртібі және оның шешімдер қабылдауы, Қоғамның Директорлар кенесі бекітетін осы Жарғы және Қоғам Басқармасы туралы Ережемен белгіленеді.

38-бап. Қоғамның Ішкі аудит қызметі

1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау саласында бағалауды, тәуекелдерді бақаруды, корпоративтік бақару саласында құжаттарды орындауды және Қоғам жұмысын жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кенесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайланада алмайды.

Ішкі аудит қызметінің басшысын лауазымға Директорлар кенесі Төрағасының ұсынуымен және Қоғамның Директорлар кенесінің келісімімен Қоғам Басқармасы Төрағасы тағайындаиды.

2. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кенесіне бағынады және өз жұмысы туралы олардың алдында есеп береді. Ішкі аудит қызметінің жұмысына жетекшілік жасауды Қоғамның Директорлар кенесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінін міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершіліктері, сондай-ақ жұмыс тәртібі мен қызметкерлерінің өкілеттілігі Директорлар кенесі бекіткен Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы Ережемен белгіленеді.

Ішкі аудит қызметі Директорлар кенесі белгілеген тәртіпте:

- Директорлар кенесіне Қоғам қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат береді;
- тәуекелдерді бақару, ішкі бақылау және корпоративтік бақару жүйелерін жетілдіру бойынша бағалау мен ұсынымдар береді;
- Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережесіне сәйкес өзінің құзіретіне кіретін басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

3. Қоғам мен Ішкі аудит қызметіндегі қызметкерлердің арасындағы еңбек қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен реттеледі.

39-бап. Қоғамның аудиті

